



**«Бұқтырылған ет»**

## «Бұқтырылған ет» тағамына қажетті шикізаттар.



Құрамы:  
сиыр еті - 400 гр;  
айран - 1 стақан;  
пияз - 1 дана;  
сарымсақ - 1 бас;  
сұйық май;  
тұз, бұрыш.

Етті алып жақсылап жуамыз.



Етті орташа бөліктерге тураймыз.



Тұздап, бұрыштаймыз. Үстінен айран құйып, тоңазытқышқа 30 минутқа қоямыз.



Пиязды майдалап тураймыз.



Пиязды қыздырылған майға қуырамыз.



Етті тұздықтан шығарып, 5-10 минут қуырамыз. Артынан қалған айранды құйып, тұздыққа бұқтырамыз. Ет жұмсарғанша ұстаңыз.



- Етпен піскен бірге күріш ұсынсаңыз болады. Астарыңыз дәмді болсын.



**Аскөк, қызанақ қосып әсемдеп ұсыну.**

